



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 49 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2 0 0 7 Ж Ы Л Ғ Ы 2 2 Ж Е Л Т О Қ С А Н
Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы**

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2007 жылғы 19 желтоқсанда мынадай болды:

	Ағымдағы бағалармен	Тұрақты бағалармен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн. долл.	18 086,1	17 727,1
оның ішінде:		
ЕАВ-дағы ² таза активтер	16 305,7	16 305,7
Алтын	1 780,4	1 421,4
Ақша базасы, млрд. теңге	1 447,5	1 447,5
Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 442,5	1 442,5
ЕДБ ⁴ -нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	4,97	4,97
КЗТ/USD (кезең аяғында)	120,73	127,00
Алтынның бағасы (1 троя унциясы USD-мен)	796,25	635,70

1 теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2006 жылдың аяғындағы жағдай бойынша көрсетілген.

2 ЕАВ-дағы² таза активтер – бұл жиынтық активтер мен резидент еместер алдындағы міндеттемелер арасындағы ЕАВ-мен айырма

3 Тар ақша базасы – ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2007 жылғы желтоқсанның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері аздап азайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағамен 0,2 %-ға (немесе 30,8 млн. долл.) төмендеді.

Қаржыминінің сыртқы қарызына қызмет көрсету жөніндегі Ұлттық Банктің операциялары, екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттардағы шетел валютасындағы қалдықтарының төмендеуі ішкі валюта нарығында валюта сатып алумен және Үкіметтің Ұлттық Банктегі шотына валютаның түсуімен ішінара бейтараптандырылды. Осылайша, таза валюта қоры (ЕАВ) 50,0 млн. долл. төмендеді, әлемдік нарықтардағы бағасының 0,2 % өсуі нәтижесінде алтындағы активтер 19,2 млн. долл. өсті.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері тұрақты бағамен 0,2 %-ға төмендеді, ЕАВ-дағы таза активтер 0,3 %-ға, алтындағы активтер 0,9 %-ға өсті.

Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 20 914,0 млн. долл.) еліміздің халықаралық резервтері тұтастай алғанда (ағымдағы бағамен) 39 002,9 млн. долл. құрап, 0,3%-ға көбейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің азаюы 2007 жылғы желтоқсанның бірінші жартысында ақша базасының 2,9%-ға (немесе 42,5 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.

